

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет КММ»
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2023 жылғы «31» «08»
№ 274 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА
«Тоғызқұмалақ»
(мектепалды топтары)

Ақтөбе, 2023 жыл

Бағдарламаның негізі: «Тоғызқұмалақ ойынының тәсілдері және ережелерімен танысып оқып үйрену» М. Ноғайбаев, Алматы 2020ж.

Құрастырған: Низамадинов Ж.Е. дене шынықтыру нұсқаушысы.

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында «Тоғызқұмалақ» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

« 31 » тамыз 2023 жыл

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК менгерушісі:  Шокпарова К.Т.



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Тоғызқұмалақ» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 2

«28» 08 2023 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы:



Қосымбаева М.О.

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы
Низамадинов Ж.Е. «Тоғызқұмалақ» бағдарламасына

Пікір

Тоғызқұмалақ ойыны ұзақ уақыттар бойы қазақ даласында кең таралып, жалпылық сипат тапқан халықтық қазына. Тоғызқұмалақ ойыны тек жай бұқараның игілігімен ғана шектелмей, көптеген ұлы ойшыл, талғампаз даналардың да ардақтайтын ата мұрасына айналған. Сол өнер өресін ұрпақтан ұрпаққа аманаттап, бүгінге жеткізіп отыр. Тоғызқұмалақ – еліміздің дәстүрлі ұлттық ойындарының бірі. Дәл осындай ұлтымыздың өшпес мәдениет үлгісі мен өнер айшығының бірі – тоғызқұмалақ ойыны. Ол ұлтымыздың атам заманнан бері жалғасып келе жатқан, тамыры тереңге бойлаған дәстүрлі төл мұрасы. Ал, міне бүгінгі таңда осы ұлттық ойынымыз әлемдік деңгейге көтеріліп, жас ұрпақты зияткерлікке, ойлау қабілеттерін арттыруға, жан-жақты ой-өресін жетілдіруге ерекше маңызға ие болып отыр. Қазіргі заман талабына сәйкес дене тәрбиесі және спорт саласында ұлттық ойындар мен спорт түрлерін ұтымды қолдана білу жолдарын қарастыру, тарих толқынында жоғалған, шеттетілген, ұмытылған дәстүрлі ұлттық ойындарымызды халқымыздың мәдени, рухани құндылықтары негізінде қайтадан қалпына келтіру де осы жұмыстың өзекті тақырыбы болып саналады. Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойынның тарихын таныстыра отырып, негізгі ережелерін үйрету, тоғызқұмалақ өнерінің өміршеңдігін түсіндіру. Мектеп жасына дейінгі балаларға тоғызқұмалақтың негізгі шарттарын түсіндіру арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, математикалық амалдарды тез санау, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа, ұлттық рухты, сананы қалыптастыруға бейімдеу. Тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Ұсынылып отырған «Тоғызқұмалақ» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне, талаптарына сай деп есептеймін

Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, п.ғ.к.



Жусупова Ж.А.

Түсінік хат

Тәрбиеленушілер мен нұсқаушы арасындағы және өз бетінше орындайтын тапсырмалар, сұрақтар мен сынақ арқылы меңгерген білімдерін жүйелеп отырады. Балалар ойын барысында тоғызқұмалақ спортының тарихымен, кезеңдерімен, бағыттарымен, сол сияқты оның негізгі бөлімдерімен танысады. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойынның тарихын таныстыра отырып, негізгі ережелерін үйрету, тоғызқұмалақ өнерінің өміршеңдігін түсіндіру. Балаларға тоғызқұмалақтың негізгі шарттарын түсіндіру арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, математикалық амалдарды тез санау, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа, ұлттық рухты, сананы қалыптастыруға бейімдеу. Тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Тоғызқұмалақ ойынының сақ, ғұндар дәуірінен бері қарай 4 мың жылдық тарихы бар. Оны түркі тілдес халықтардың ішінде; Қырғыз, Өзбек, Қазақ, Қарақалпақ, Түрік, Түркімен, және Алтай елдерінде ойнаған. «Тоғызқұмалақ» - ойыны көшпенді өмір салтының айнасы іспеттес, ол- тірі тарих. Тарихты білу тектілікке саналады;

Мақсаты:

- Балаларға спорт әліппесін үйрету;
 - Олардың ой-өрісін, сана-сезімін дамытуға, оқу үлгерімін жақсартта түсуге және сапалы тәрбие беруге септігін тигізу;
- Нәтижеге жетуде табандылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Тоғызқұмалақ өнерінің өміршеңдігін түсіндіру;

Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту;

Ойынның жалпы ережесіне сипат беру;

Жүрістің дәлдігін шығарғанда математикалық амалдарды қолдана білуге машықтандыру;

Балаларды ойын негіздерін сақтай отырып ойнауға бейімдеу.

Күтілетін нәтижелер:

Өзара жарыстар ұйымдастыру;

Жолдастық кездесулер өткізу;

Турнир ұйымдастыру;

Қарыстарға қатысу.

Бағдарлама қазақ және орыс тілінде жүргізіледі, мектепалды оптарына арнап құрастырылған. Барлығы – 72 сағат, аптасына 2 сағаттан, зақтығы 25-30 минутты қамтиды. Бағдарлама үш жылға арналған.

Тақырыптық жоспар
Мектепалды тобы

№	Тақырыбы	Сағат саны
1.	Тоғызқұмалақ ойыны туралы түсінік	3
2.	Тоғызқұмалақ ойынының мақсаты және оның ерекшеліктері	3
3.	Тоғызқұмалақ ойынының қағидасы, заңдылықтары	3
4	Тоғызқұмалақ отаулары	3
5.	Жазып ойнау тәртібі	3
6.	Тоғызқұмалақ ережесі бойынша ойын	3
7.	Жүрістің дәлдігін есептеу	3
8.	Жазып ойнау тәртібі	3
9.	«Тұздық алу» ережесі	3
10.	«Атсырау» ережесі	3
11.	Ойынның тактикалық әдістері. Айырбасқа шақыру	3
12.	Жарысты өткізу тәртібі	3
13.	Тоғызқұмалақ ойынының теориясы және кодексі	3
14.	Ойынды жазу тәртібі және есептеу	3
15.	Жүріс жасау ерекшеліктері	3
16	Комбинация құру	3
17	Тактикалық тәсілдер және комбинациялар құру	3
18	Шабуыл жасау	3
19	Ойынның басы	3
20	Ойынның ортасы	3
21	Ойынның соңы	3
22	Тоғызқұмалақ этюдтері	3
23	Қайталау	3
24	«Тоғызқұмалақ» жарыс ойындар	3
Барлығы		72

Т. Ильяс

Тақырыптардың мазмұны

Қазақтың ұлттық ойыны «Тоғызқұмалақ» ойыны төмендегі тақырыптар бойынша құрастырылды:

1. Тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихы.
2. Тоғызқұмалақ ойын тақтасы.
3. Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы.
4. Тоғызқұмалақ ойынының жүру әдістері.
5. Тоғызқұмалақ ойынының ерекшеліктері.
6. Екі жақты ойын.
7. Отаулардың атауы.
8. Жүрістердің дәлдігін есептеу жолдары.
9. Жүрістердің дәлдігін есептеу жолдары Бірінші есептеу жолы.
10. Жүрістердің дәлдігін есептеу жолдары Екінші есептеу жолы.
11. Үшінші есептеу жолы.
12. Жазу тәртібі.
13. Жүрістердің дәлдігін есептеу жолдары.
14. Жекелеген ойыншылардың тәжірибесін талдау.
15. Тактикалық тәсілдер.
16. Тәжірибе сағаттар.
17. Ойынның ортасы.
18. Этюдтер шешу.
19. Варианттар қарастыру.
20. Ойынның аяғы.



Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиет:

1. «Тоғызқұмалақ ойынының тәсілдері және ережелерімен танысып оқып үйрену» М. Ноғайбаев, Алматы 2020ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. «Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны» Д.Р. Әбдіқадіров, М.М. Чныбаев Алматы, 2011ж.
2. «Тоғызқұмалақ ғажайып ойын» М.Шотаев, Алматы 2003ж.
3. «Шахмат, тоғызқұмалақ, дойбы» Б.Сұлтанбеков, Алматы 2001ж.
4. «Тұздықтар тартысы» М.Шотаев Алматы2005ж.
5. «Қазақ спорты» республикалық газеті 2015ж.
6. «Тоғызқұмалақ даналығы» Ә.Ақшораев, Астана 2016ж.
7. «Тоғызқұмалақ әліппесі» С.Тілеубаев, С. Бизақов, Астана 2020ж.
8. «Тоғызқұмалақ» Ә.Ақшораев, Н.Жүнісбаев, Астана 2018ж.
9. «Тоғызқұмалақ нұсқалары» С.Тілеубаев, А.Жақыпбаева, Алматы 2021ж
- 10.«Тоғызқұмалақ- халықаралық жарыс» Ә.Иманбаев, Алматы 2019ж.